

2011 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 569 қаулысы. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 желтоқсанда № 9-4-174 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Лисаков қаласының әкімінің аппарат 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 13-1-14 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Лисаков қаласының әкімінің аппарат 2012.01.06 № 13-1-14 хатымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2011 жылға арналған халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар айқындалсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын

б і т і р у ш і л е р ;

12) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметі тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) он екі және одан да артық ай ұзақ жұмыссыздықты бастан кешірген адамдар ;

14) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.

2. Осы қаулы оны алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Л и с а к о в

қаласының әкімі

В. Радченко

КЕЛІСІЛДІ:

*"Лисаков қаласы әкімдігінің
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы*

_____ *Г. Бермухамбетова*